

"Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1079 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 31, 330-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:»;**

2) көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде:

«Меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары)» деген бөлімде:

реттік нөмірі 4-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірлері 6, 15, 23, 24, 29, 30-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

6.	«Волковгеология» АҚ акциялар пакетінің 90%
15.	«Қызылту» ЖШС қатысу үлесінің 76%
23.	«Таукент - Энергосервис» ЖШС қатысу үлесінің 100%
24.	«Шиелі - Энергосервис» ЖШС қатысу үлесінің 100%
29.	«Өскемен СЭС» АҚ акциялар пакетінің 90%
30.	«Шүлбі СЭС» АҚ акциялар пакетінің 92,14%

реттік нөмірі 56-жол алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 69, 70-жолдармен толықтырылсын:

«

69.	«Азиялық Газқұбыры» ЖШС қатысу үлесінің 50 %
70.	«Азиялық Газқұбыры – Қорғас» ЖШС қатысу үлесінің 100 %

» ;

«Магистралдық мұнай құбырлары» деген бөлімде:
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 19-жолмен толықтырылсын:

«

19.	«Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбыры
-----	-------------------------------

» ;

«Магистралдық газ құбырлары» деген бөлімде:
реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

9.	«Бұхара газтасымалдаушы ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы» газ құбыры
----	--

» ;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 14-жолмен толықтырылсын:

«

14.	«Қазақстан – Қытай» газ құбыры
-----	--------------------------------

» ;

«Су шаруашылығы құрылыстары» деген бөлімде:
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4-жолмен толықтырылсын:

«

4.	Сырдария өзеніндегі таскын суға қарсы Көксарай контрреттегіші
----	---

» ;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекетпен аффилиирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде:

«Меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары)» деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28-жолдармен толықтырылсын:

«

13.	«Қазақтелеком» АҚ акциялар пакетінің 39,93%
14.	«Степногор тау-кен-химиялық комбинаты» ЖШС қатысу үлесінің 100%
15.	«Бетпак Дала» бірлескен кәсіпорны» ЖШС қатысу үлесінің 70 %
16.	«АППАҚ» ЖШС қатысу үлесінің 35%
17.	«Қаратау» ЖШС қатысу үлесінің 50%

18.	«Инкай» бірлескен кәсіпорны» ЖШС қатысу үлесінің 60%
19.	«Катко» бірлескен кәсіпорны» ЖШС қатысу үлесінің 51%
20.	«Қызылқұм» ЖШС қатысу үлесінің 70%
21.	«Заречное» бірлескен кәсіпорны» Қазақстан-Ресей компаниясы» АҚ акциялар пакетінің 50,34%
22.	«Байкен – У» ЖШС қатысу үлесінің 95%
23.	«Қызылту» ЖШС қатысу үлесінің 24%
24.	«Атом станциялары» Қазақстан-Ресей компаниясы» АҚ акциялар пакетінің 50%
25.	«Ақбастау» бірлескен кәсіпорны» АҚ акциялар пакетінің 50%
26.	«МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыржол компаниясы» АҚ акциялар пакетінің 49%
27.	«Азаматтық авиация академиясы» АҚ акциялар пакетінің 10%
28.	«Азиялық Газқұбыры» ЖШС қатысу үлесінің 50%

»

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК